



Автор: Әміржанова Гүлбақыт Амангелдіқызы

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Мен және қоғам

Тақырып: Ай – Жердің табиғи серігі

Оқу мақсаты	Жердің табиғи серігін анықтау
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: – Ай Жердің бірден-бір серігі екенін біледі. Оқушылардың көпшілігі: – Ай мен Жерді салыстыра алады; – Айдың Жерді айналатынын түсінеді. Кейбір оқушылар: – Ай мен Жерді сипаттай алады, қызметін ажыратады және фазаларын анықтай алады.
Ойлау деңгейі	Білу, түсіну, жоғары ойлау деңгейлері.
Бағалау критерийлері	«Ай», «серік» сөздерінің мағынасын түсінеді. Ай – Жер ғаламшарының серігі екенін біледі. Ай Жерді айналатынын, біздің ғаламшарға тек бір жағымен көрінетінін айта алады. Айдың массасы біздің ғаламшардан шамамен 81 есе аз екенін біліп, Ай мен Жерді салыстырады. Жасанды және табиғи серіктер туралы біледі, оларды айыра алады. Зерттеу жұмысы барысында бір-біріне сұрақ қойып, талдайды, Ай мен Жердің көрінісін, көлемін ескере отырып, өз ойын жинақтай алады, өмірде қолданады және Айдың белгілі бір қашықтықта тұрып, Жерді айналатынын түсінеді.
Тілдік мақсаттар	Айтылым және тыңдалым: «Табиғи серік» тапсырмасын орындау кезінде оқушылар оқу ақпаратын тыңдайды. Айдың неліктен Жердің табиғи серігі екені сұрақтар қояды және жауап береді. «Айырмашылығы» және кіріспе тапсырмаларын орындау кезінде оқушылар деректерді айта алады. Оқушылардың ойларын дұрыс тұжырымдауын, оны түзете білулерін қадағалау. Жазылым: «Сызба» тапсырмасын орындау барысында кейбір оқушылар Ай туралы білгендерін жаза алады. Оқылым: «Айқыш пен дөңгелек» тапсырмасын орындау барысында оқушылар сөйлемдерді оқиды, өздерінің келісетін-келіспейтіндерін айтады. Сөздік қор: Бұл сабақтың тірек сөздері «Ай», «серік». Олардың мағынасы сабақ барысында ашылады. Осы сөздерді пайдаланып сөйлем құрауды ұсыну.
Құндылықтарға баулу	Ғарыш әлемінің, зерттеу мен тілдің біртұтастығы. Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау.
Пәнаралық байланыс	География, көркем еңбек, музыка.
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Жер мен Күн арасындағы байланыс.
Ресурстар	Тартылысты көрсетуге арналған ұзындығы бірдей жіптер; Ермексаз, сусын ішуге арналған түтікшелер, желімді таспа; www.bilimland.kz , www.imektep.kz , https://www.google.kz ресурстары

Сабақ барысы

Са ке зе ңд	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
----------------------	------------------------	-----------



Шолпан, Марс, Жер, Меркурий, Сатурн

Оқушыларға адамдардың кемемен, пойызбен қалай саяхаттайтынын көз алдыларына елестетуін сұрау.

– Үнемі бірге сапар шегетін адамдар қалай аталады? (жолсерік)

– Ендеше мына бейнероликке көңіл айдарайық. <https://imektep.kz> ресурсында дүниетану пәніндегі «Ғарыш» бөлімінен «Ай» бейнеролигін көрсету.

(05:24-06:16) – 1,42 сек


(06:53-07:06) – 53 сек

ВИДЕО



Қызығушылықты ояту. (3 минут) «Табиғи серік».

Оқулықтағы суретке назар аударту:



– Онда не бейнеленген? (Жер және Ай)

– Жердің көрінісі қандай? (ол көгілдір пішінді, құрлықтар көрінеді, атмосфера байқалады.)

– Жер мен Айды салыстырыңдар. Қайсысы үлкен? (Жер)

– Айды қай кезде көре аламыз? (түнде)

– Ай үнемі Жердің маңында бола ма? (иә)

– Неге? (ол үнемі Жердің маңында айналып жүреді)


Оқушылар сабақтың тақырыбы мен мақсатын болжайды.

Са Мағынаны тану. (4 минут)

ба «Сен білесің бе?» Айды ешқандай құралдардың көмегінің көруге, ал телескоппен оның бетін көруге қт болатынын айту.

ын 1) Жердің табиғи серігі

ор
та
сы
(
3
1
ми



2) Айдың Жерді айнала қозғалысы. Айдың арғы беті (45 сек).


3) Жаңа айдың тууы және бірінші ширек фазасы.

4) Толған ай және үшінші ширек фазасы.

5) Ай құрылысы.

6) Ай жайлы қызықты деректер.


1-жаттығу



2-жаттығу



3-жаттығу



Сабақтың соңы (3 ми)	<p>Рефлексия. 3 минут. «Шығу билеті» әдісі.</p> 	Шығу билеті үлестірімі
Тапсырманың (1-2)	<p>Бағалау критерийі</p> <p>«Ай», «серік» сөздерінің мағынасын түсінеді. Ай – Жер ғаламшарының серігі екенін біледі.</p>	<p>Дескриптор</p> <p>«Ай» сөзінің мағынасын түсінеді. «Серік» сөзінің мағынасын түсінеді;</p>
1-2 (1)	<p>1 Ай Жерді айналатынын түсінеді. Жасанды және табиғи серіктер туралы біледі, оларды айыра алады.</p>	<p>Айдың біздің ғаламшарға тек бір жағымен көрінетінін айта алады; Жасанды серікті адам қолымен жасайтынын және табиғи серік тек Ай екенін айыра алып, әңгімелейді;</p>
1	<p>1 Ай мен Жерді салыстырады.</p>	<p>Айдың массасы біздің ғаламшардан шамамен 81 есе аз екенін біледі. Зерттеу жұмысы іс-әрекеті негізінде сұрақтар құрастырады.</p>
1	<p>1 Ай мен Жердің көрінісін, көлемін ескере отырып, ойын жинақтай алады, өмірде қолданады және Айдың белгілі бір қашықтықта тұрып Жерді айналатынын түсінеді.</p>	<p>Ай мен Жердің көрінісін (түсін), көлемін ескере отырып бүгінгі өмірмен байланыстырып, өз ойын дәлелдейді.</p>